



**ҚР МКМ-нің 1999 жылғы 21 мамырдағы N 535 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрінің 2000 жылғы 25 сәуірдегі N 384 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 14 маусымда тіркелді. Тіркеу N 1156. Күші жойылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2002 жылғы 9 сәуірдегі N 416 бұйрығымен.

-----Бұйрықтан үзінді----- Мемлекеттік кіріс министрінің 2002 жылғы 9 сәуірдегі N 416 бұйрығы

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының K010209\_ Кодексін (Салық Кодексін) қолданысқа енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 шілдедегі Заңына  
с ә й к е с

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

Күшін жоғалтқан жекелеген бұйрықтарының тізбесі:

58. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 21 мамырдағы N 535 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің 2000 жылғы 25 сәуірдегі N 384 V001156\_ бұйрығы. -----

"Салық салу мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Z990440\_ 1999 жылғы 16 шілдедегі, "Салық салу мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Z990485\_ 1999 жылғы 22 қарашадағы, "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының заңына өзгерістер мен толықтыруларды енгізу туралы" Z990495\_ 1999 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңдарының қабылдануымен байланысты

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 21 мамырдағы "Кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке тұлғалар үшін салық салудың жеңілдетілген режимі туралы" V990794\_ , "Шаруа фермер қожалықтары

мен жер негізгі өндіріс құралы болып табылатын ауыл шаруашылық тауар өндірушілерге салық салудың жеңілдетілген режимі туралы" V990799\_нұсқауларды бекіту туралы" N 535 бұйрығына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

атау мынадай редакцияда жазылсын:

"Кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке тұлғалар үшін салық салудың жеңілдетілген режимі туралы" нұсқауды бекіту туралы";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке тұлғалар үшін салық салудың жеңілдетілген режимі туралы" қосымша нұсқау бекітілсін.";

2-тармақтағы "Нұсқаулар" деген сөз "Нұсқау" деген сөзбен ауыстырылсын; осы бұйрығымен бекітілген "Кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке тұлғаларға салық салудың оңайлатылған режимі туралы" Нұсқауда:

1 ) к і р і с п е д е :

"Қазақстан Республикасы Президентінің заң күші бар Жарлығымен" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Заңымен" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" деген сөздерден кейін "(бұдан әрі - Заң)" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Акцизделетін өнімді шығарумен (оның ішінде және алыс-беріс негізінде), этил спиртінің сақтаумен және сатумен, алкоголь өнімін сақтаумен және көтерме сатумен айналысатын жеке кәсіпкерлер салық салудың оңайлатылған режиміне көшірілмейді";

3 ) 1 7 - т а р м а қ т а :

үшінші абзацтағы "10 000" саны "20 000" санына ауыстырылсын;

төртінші абзацтағы "10" саны "20" санына ауыстырылсын;

4) 25-тармақта: үшінші абзац "патент құнына енгізілген салықтардың түрлері бойынша" деген сөздермен толықтырылсын;

5) 26-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Акцизделетін өнімді сататын (темекі өнімдерінен басқа), сондай-ақ Астана, Алматы қалаларында және 100 000 мыңнан астам халқы бар облыстық маңыздағы қалаларда тұрақты үй-жайлардағы бөлшек сауданы іске асыратын кәсіпкерлер қолма-қол ақшалармен жұмыс кезінде фискалдық жадуалы бар бақылау-кассалық аппараттары және сатып алушы-тұтынушыға бақылау чегін бере отырып фискалдық карталарды пайдаланумен компьютерлік жүйелер арқылы операциялар жүргізуге міндетті.";

6) 27-тармақта "төлеу жүргізеді" деген сөздердің алдында "бензин (авиациялықтан басқа) және дизельдік отынға акциз" ЖЖМ сату бойынша қызметін жүзеге асырған жағдайда." деген сөздермен толықтырылсын.

7) 28-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"28. Облыстар және Астана, Алматы қалалары бойынша салық комитеттері зерттеулер, тексерулер, хронометраж нәтижелерін және салық органының басқа мәліметтерін бөлек пайдаланумен жеке кәсіпкерлік қызметтің әрбір түріне Патент құнын мөлшерлерін айқындайды және бекітеді. Патент құнын айқындау кезінде орналасқан жері, қызметті жүзеге асырудың түрі мен шарты, орналасқан үй-жайдың сапасы және көлемі, қолданылатын жабдықтың өнімділігі, қызмет көрсетілетін орындардың саны және жеке кәсіпкердің қызметінің тиімділігіне әсер ететін басқа факторлар." ;

8) 29-тармақтағы "түріне, қызмет орнына және басқа көрсеткіштерге байланысты аумақтық салық органы бекіткен кесімді жиынтық салық мөлшері бар кәсіпкерлер" деген сөздер "бекітілген Патент құны мөлшерлерімен" деген сөздермен ауыстырылсын.

9) 30-тармақта:

"салықтық" деген сөз алынып тасталсын;  
екінші сөйлем алынып тасталсын;

10) 31-33 тармақтар алып тасталсын;

11) 35-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"35. Патенттің қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін кәсіпкерлік қызметін тоқтатқан кезде, қызметті іске асыру шарттарын тоқтата тұрған немесе өзгерткен кезде енгізілген кесімді салық сомасы қайтаруға және қайта есептеуге жатпайды."  
;

12) 6-тарау мынадай мазмұндағы 39-1 тармағымен толықтырылсын:

"39-1. Есеп жүргізу негізінде жұмыс істейтін кәсіпкерлер әрбір қызметкер үшін айлық есептік көрсеткіштің 60 проценті, сондай-ақ Заңға сәйкес шегерімге жатпайтын шығыстардан басқа оны алумен байланысты шығыстардың минусымен қосымша айлық кірістің 10 проценті мөлшерінде әлеуметтік салықты төлейді." ;

13) 40-тармақтағы "1995 жылғы 25 сәуірдегі N 2235 "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің заң күші бар Жарлығымен" деген сөздер "Заңымен" деген сөзбен ауыстырылсын ;

14) мынадай мазмұндағы 8-тараумен толықтырылсын:

"8-тарау. Бір жолғы талондар негізінде бюджетпен дүркін-дүркін сипаты бар кәсіпкерлік қызметіндегі жеке тұлғалардың есебі. 44. Кәсіпкерлік қызметінде дүркін-дүркін сипаты бар жеке тұлғалар (резидент еместерді қоса) салық органдарында мемлекеттік тіркеусіз Бір жолғы талондар негізіндегі қызмет түрлерінің тізбесіне сәйкес (12 қосымша) кәсіпкерлік қызметін іске асыра алады. 45. Кәсіпкерлік қызметінің түрлері бойынша бір жолғы талон құнын облыстар

және Астана, Алматы қалалары бойынша салық комитеттері белгілейді. 46. Бір жолғы талондар әрбір күнге беріледі. Төлемшінің тілегі бойынша бір жолғы талондар ұзақ, бірақ бір айдан астам емес мерзімге берілуі мүмкін. Мұның өзінде , алымды төлеу талонды беру күндеріне барабар жүргізіледі. 47. Бір жолғы талон оқшауланбайды, басқа тұлғаларға беруге тыйым салынады. 48. Бір жолғы талон қатаң есеп беру бланкасы болып табылады (13 қосымша)."; 15) Нұсқаудың 4 қосымшада: "Тұтыну тауарларын өндіру және сату" I-тарауының: рет нөмері 20ө жолды "өндірістік тауарлар" деген сөздерден кейін "(этил спирті мен алкоголь өнімін өндіруден, этил спиртін сақтау мен сатудан, алкоголь өнімін сақтау мен көтерме сатудан басқа)." деген сөздермен толықтырылсын; "Тұрмыстық қызмет көрсету саласындағы жеке тұлға қызметті" II-тарау мынадай мазмұндағы рет нөмерлері 49, 50 жолдармен толықтырылсын: "49. Ваннаны жөндеу бойынша қызмет көрсету." 50. Есік алды және жеке меншік учаскелерді көгалдандыру."; "Қызмет көрсетудің басқа түрлері" IV- тарауының: рет нөмері 15-жол мынадай редакцияда жазылсын: "15. Шыны кесу жөнінде қызмет көрсету."; рет нөмері 21-жол мынадай редакцияда жазылсын: "21. Репетиторлық қызмет көрсету."; мынадай мазмұндағы рет нөмері 39 жолымен толықтырылсын: "39. Өнші құстарды өсіру және сату.". 16) Нұсқаудың 9 қосымшада: 3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын: "3. 2 жол бойынша жиынтық жылдық кіріске проценттік қатынастағы шығындар көрсетіледі."; 6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. 4 жол бойынша әрбір қызметкер үшін айлық есептік көрсеткіштен (бұдан әрі - АЕК) 49% мөлшерінде Заңға сәйкес есептелген әлеуметтік салық сомасы есептеледі. Еңбек қызметіне рұқсат бойынша Қазақстан Республикасына уақытша келген шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ тұлғалардың еңбекақы төлеу бөлшегіндегі әлеуметтік салық әрбір шетел маманы үшін - 5 АЕК, әрбір шетел жұмысшысы үшін - 10 АЕК мөлшерінде есептеледі."; 7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын: "6 жол бойынша Патент құнын айқындау кезінде көрсетілген, күтілетін салық салынатын кірістің 5 проценті мөлшерінде есептелген әлеуметтік салық сомасы көрсетіледі."; 8-тармақтың екінші абзацындағы "Заңмен" деген сөзден кейін "Қазақстан Республикасының "1999 жылға Республикалық бюджеті туралы" деген сөздермен толықтырылсын; 10-тармақтағы "Заңы" деген сөз "Жарлығы" деген сөзбен ауыстырылсын; 17) мынадай мазмұндағы 12, 13 қосымшалармен толықтырылсын: Нұсқауға 12 қосымша Бір жолғы талон негізіндегі кәсіпкерлік қызметі түрлерінің тізбесі 1. Қолдан газеттер мен журналдарды сату (тұрақты нүктелерден басқа). 2. Тұқымдарды, сондай-ақ тұрақты нүктелерден басқа отырғызу материалдарын (көшеттер, екпе) сату. 3. Әртүрлі салтанаттардағы тамада мен артистердің қызметтері. 4. Рыноктар аумағынан тыс жерлерде бақша мәдениеттерін сату. 5. Көрме-жаппай сату және жәрмеңкелерде халық тұтынатын тауарларды сату. 6.

Балық аулау және оны сату. 7. Автомобиль көлігін айдап әкелу қызметі. 8. Жеке меншіктегі және жалға алынған тракторлар иелерінің жер учаскелерін өңдеу жөнінде қызмет көрсетуі. Нұсқауға 13 қосымша \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ бойынша Салық комитеті (облысы) (ауданы, қаласы) Бір жолғы талон N \_\_\_\_\_ іске асыруға (қызмет түрі) \_\_\_\_\_ берілді (аты-жөні) Жеке басын куәландыратын құжат: сериясы \_\_\_\_\_ N \_\_\_\_\_ СТТН \_\_\_\_\_ Мекен-жайы \_\_\_\_\_ (жеке тұлғаның тұрғылықты жері) Қолданылу мерзімі \_\_\_\_\_ М.О. \_\_\_\_\_ Салық органының басшысы (ауданы, қаласы бойынша) \_\_\_\_\_ Бір жолғы талон түбіршегінің N \_\_\_\_\_ іске асыруға (қызмет түрі) \_\_\_\_\_ берілді (аты-жөні) СТТН \_\_\_\_\_ Қолданылу мерзімі \_\_\_\_\_ Барлық \_\_\_\_\_ күнге Ставка \_\_\_\_\_ Төленген сома \_\_\_\_\_ (теңге) М.О. \_\_\_\_\_ Салық органының басшысы". (ауданы, қаласы бойынша) 2. Өндірістік емес төлемдер департаменті (Д.Баймұрзин): 1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігімен келіссін; 2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге жіберсін. 3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Өндірістік емес төлемдер департаментінің директоры Д.Қ. Баймұрзинге жүктелсін. 4. Осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеу күнінен бастап күшіне енеді. Министр Келісілді Қазақстан Республикасының Қаржы министрі 2000 жылғы 17 мамыр Оқығандар: Омарбекова А.Т. Икебаева Ә.Ж.